

Бекітетін:
Мектеп директоры
Жанисева Г.Т.



Келісілді:
Оқу ісінің меңгерушілері:
Алиманов А.Ж
Шокаева А.Т

.....
01.09.2023 ж

ӘБ отырыстарында қаралды:
ӘБ жетекшісі: Соспанова Ж.С.

Хаттама №1

.....
28.08.2023 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша
жылдық перспективалық жоспар
Кіші топ

2023-2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Топ/сынып: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып)</p> <p>Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.</p>

	<p>Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.</p> <p>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</p> <p>балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту.</p> <p>айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p>

Көркем әдебиет	ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды; ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды қалыптастыру
Сенсорика	заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
Құрастыру	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды,

	шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.
Музыка	<p>Музыка тыңдау:</p> <p>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p> <p>Ән айту:</p> <p>1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</p> <p>қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024оқу жылына арналған**

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ/сынып: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қазан айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Денешынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу(оңға-солға),қолдыкеудетұсындайқастыружәнеескіжағына жазу,қолдышапалақтау;қолдыалға,жоғары,жан-жаққакөтеру,олардыбүгіп,жазу, саусақтарынашыпжұму;тізенібүгіпжазу(екіншісіне тұрып)алға,жанына,артқақадам жасау,аяқты алға,өкшеге қою;табандардыбүгу (жазу)</p> <p>Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүрубағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру(кілемніңбойымен, жіпкедейін), кедергілерденаттапжүру. бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп жәнебүкілтоппен,бағыттыөзгертіп,30-20секбойынаүзіліссізжүгіру,жүруденжүгіругежәне керісінше ауысу; Бірорындатұрыпекіаяқтапсекіру,10-13см биіктенсекіру. Кедергілі,жазықтың бетімен,еңгіс тақтайдың үстіменең бектеу,үстел,арқанның астымен нысанағадейін төрт тағандап(алақанымен,тізементіреп)еңбектеу. Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан,төменнен, жоғарыдан (қағып алмай)доптарды домалату, доптарды бір-бірінедомалату. Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м)гимнастикалықорындықтыңүстіменжүру,заттарғашығу(гимнастикалық орындыққа, жұмсақмодульгежәнеетағыбасқа),тұру,қолынжоғарыкөтеру,түсу;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегіұқыпсыздықтыбайқап,оныөзбетінше,ересектердіңкөмегіменжоюға,қолорамалдыпайдалануға үйретуді жалғастыру.</p>

Киініп-шешіну м кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатаралдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету.

Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.

Үстел басында қарапайым мінез-

құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.

Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттары мен таныстыруды жалғастыру.

Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

балаларды серуен кезінде ультра күлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;

Дербес қимыл белсенділігі.

Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.

Спорттық жаттығулар:

Велосипедтебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару;

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды жетілдіру Сөздік қор.</p> <p>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Неістейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциялы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтармен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді;</p> <p>Кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциялы қабылдауды;</p> <p>Таныс тақпақтарды қайталауды;</p> <p>Ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.</p>
<p>Сенсорика</p>	<p>Заттармен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқамен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;</p> <p>Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>

Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; Әр түрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратынағаш,пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету; қарапайым түрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру.
Қоршаған ортаментаныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Жануарларға тән ерекшеліктер мен таныстыру,дене бөліктерін(танауы,құйрығы,аяқтары)ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін,аулаға ұшып келетін құстарды,маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту
Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Түзу,көлденең,тік,толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді,осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету(жаңбыр,қар,жол,түтін),парақ бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды –эстетикалық қатынасын тәрбиелеу
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру:заттардың қарапайым және оданда күрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді(сызықтарда,шаршыда),қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді,машиналарды,үйлерді,доптарды,шарларды,гүлдерді,қазақтың ұлттық баскиімдерін,тағы басқазаттарды орналастыру дыменгерту.

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Эннің мағынасын түсіну,қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын,фортепианоның дыбысталуын,түрлі ырғақты,түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендердің даумен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп,әнді күштүсірмей,табиғи дауыспен,дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік -ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету; Қарапайым бикимылдары:шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату,жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру; Музыканың сүйемелдеуі мен жүру және жүгіру,қол ұстасып,жұптасып,шеңбер мен жүру дағдыларын қалыптастыру;</p>
--------	--

**Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**кіші топ
қараша айы 2023жыл**

Ұйымдас тырылға н іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықт ыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау Жанындатұрған(отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Әр түрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; Бір қалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен Нысанаға дейін төрт тағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдер мен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр ара қашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақты қалдында өзбетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен күрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қолорамал, майлық, орамал, тарак, түбек), Киімдегі оқшылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және</p>

	<p>шешіну, әр түрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтаралдында киімдерін шкафқа немесе орындық қауқыпты бүктеп қою.</p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектер мен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбанды жүру).</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегі мен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауы мен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықыластанытуға баулу.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тынысалу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдер мен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>

Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармаларын оқу Оқып беруді ойыншықтарды,суреттерді,үстел театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсету мен сүйемелдеу,соны мен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.
Сенсорика	Өлшемдері әр түрлі геометриялық фигураларды,өлшемі,пішіні,түсі бойынша ерекшеленетін бір келкі заттарды топтастыруды,түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр),жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау,қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фото суреттерден тануды жетілдіру. Заттарды және олар мен әрекеттерді атау,оларды суреттерден тануды. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлері мен таныстыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып,түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу,дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу,дәстүрлі емес әдістер мен суреттер салуды. Қаламды үш саусақпен,қатты қыспай ұстау,суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру,сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліпалу,оларды біртұтас етіп біріктіру,сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.

Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту.Материалдардың(қағаз)қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін(ұсақтау,жырту,бүктеу),жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін(желімсіз)үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқы тудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
кіші топ
Желтоқсан айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкею.Еденде отырып,аяқтарды кезек пен бүгу және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.</p> <p>Негізгі қимылдар: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Құрсаудан құрсауға аттап өту; Әр түрлі қарқын мен,заттардың арасымен жүгіру. доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрттағандап(алақанымен,тізементіреп)еңбектеу. Отырып және тұрып,түрлі заттардың астынан0,3-1,3метр ара қашықтыққа доптарды домалату алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін(10-13сантиметр)секіру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтыңалдында өз бетінше жуу,беті мен қолын жеке орамал мен құрғатып сүрту,ересек тің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану(қолорамал,майлық,орамал,тарақ,түбек), Киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше,ересектердің көмегімен ретке келтіру,белгілі бір ретпен киіну және шешіну,әр түрлі ілгектерді қолдана білу,ұйықтаралдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p>

	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл,мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,негізгі қимылдарды(жүру,жүгіру,лақтыру,домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқтықорбаңдапжүру).</p> <p>Спорттық жаттығулар: Мұзды жолдар мен сырғанау:балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін(спорттық,би)орындауға,қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге,бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықыластанытуға баулу.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын,дауыстың жоғарылығымен күшін ескеріп Артикуляциялық гимнастика жасау</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерінебаулу,балаларды бесікпен таныстыру,қуыршақты бесік кебелеп,бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпшетүрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.Кейіпкерлердің әрекеттерін(қимылдарын)қайталатып ойнату.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балаларды бесік жырларын,халықәндерін,ертегілерін,авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p>

Сенсорика	Берілген заттардың 3- 2сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастары мен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фото суреттерден тануын ұйымдастыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бірер ежелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды.
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруын дамыту.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024оқу жылынаарналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**кіші топ
қаңтар айы 2024жыл**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу жәнеашу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.Тізерлеп тұрып,өкшеге отыру және тұру. Аяқтың өкшесін алға қою.Аяқтың бақайларын қимылдату(отырып).</p> <p>Негізгі қимылдар: Белгі бойынша тоқтап,иректелген лентаның бойымен жүру Тақтайдың үстімен 20сантиметр арақашықтықта орналасқан бір неше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағыбасқа) аттап жүру,орнында баяу айналу. аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынанбірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; әр түрлі заттардың: арқан ныңастынан нысанаға дейін төрт тағандап(алақанымен,тіземен тіреп)еңбектеу. доптарды бір-біріне домалату 10-13сантиметр биіктіктен секіру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өзбетінше жуу,бетімен қолын жеке орамал мен құрғатып сүрту,ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану(қолорамал,майлық,орамал,тарақ,түбек), Киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше,ересектердің көмегімен ретке келтіру,белгілі бір ретпен киіну және шешіну,әр түрлі ілгектерді қолдана білу,ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p>

	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектер мен бірге қимылдары жеңіл,мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,негізгі қимылдарды(жүру,жүгіру,лақтыру,домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шана мен сырғанау:шанаға отырып,төбешіктен сырғанауға,шананы жібiнен сүйретуге,ойыншықтарды шана мен сырғанатуға үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауы мен ойын әрекеттерін(спорттық,би)орындауға,қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге,бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықыластанытуға баулу.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың,сөздер мен сөз тіркестерінің анықайтылуына назар аудара отырып,дауыс аппаратын дамыту,артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балаларғабесікжырынкүнделіктіұйықтаралдындатыңдатудыәдеткеайналдыру,топтағыбарлықбаланыересектердіңжақсы көретінін сездіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімді зат есіммен,етістіктің өткен шағымен байланыстыру</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі(Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өзойын айтуға үйрету.</p>

Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді,сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру,ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып,тапсырмаларды орындауды,қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсо моторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр),жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді(допты домалату,машинаны итеру,қуыршақты жатқызу,пирамиданы жинау және бөлшектеу,бір текшені екіншісіне қою)орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу,ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс»немесе«дұрысемес»,«жақсы»немесе«жаман»екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр,қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
